ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 76 (3903)
9 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

4-БЕТ



Түсініксіз тіл қолданысты кеңейтпейді

6-БЕТ



Педагог – құқықтық мәдениеттің негізін қалаушы


8-БЕТ



Мелбикенің мінәжаты

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖҰМЫС ІЗДЕП КЕТКЕН АЗАМАТТЫ КІМ ҚОРҒАЙДЫ?



Жоғары жалақы, тегін баспана, жол шығынын өтейтін жұмыс беруші. Шетелдегі еңбекке шақыратын осындай ұсыныстардың артында нақты жұмыс орны да, адамның сенімін пайдаланатын қауіпті схема да тұруы мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте)

САРАП

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамның күнделікті өмірінің барлық салаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, онлайн-банкинг, электрондық сауда, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалардың кеңінен қолданылуы адамның жеке басына қатысты ақпараттың үлкен көлемінің электрондық ортада жинақталуына алып келді. Осы жағдайларда дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ ТАРАЛУЫ – ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҚАТЕРІ

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңның 1-бабы 2-тармағына сәйкес, дербес деректер – дербес деректердің бір немесе бірнеше сәйкестендіргішімен толықтырылған, дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер немесе мәліметтер жиынтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу заңға сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Дербес деректерді заңсыз жинау, сақтау, пайдалану немесе тарату азаматтың жеке өміріне қол сұғуға ғана емес, оның мүліктік және өзге де құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Мысалы, адамның жеке сәйкестендіру деректерін заңсыз пайдалану алаяқтық әрекеттерге, банк шоттарына қол жеткізуге немесе адамның атына заңсыз қаржылық операциялар жасауға себеп болуы ықтимал. Сондықтан дербес деректерді қорғаудың тиімді құқықтық тетігін қалыптастыру қазіргі қылмыстық саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Дербес деректер – белгілі бір адамға қатысты немесе оның сәйкестендірілуіне мүмкіндік беретін ақпарат болып табылады. Қазіргі цифрлық ортада мұндай ақпараттың қатарына адамның аты-жөні, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық поштасы, биометриялық мәліметтері, фото және бейне материалдары, қаржылық ақпараттары және басқа да мәліметтер жатуы мүмкін.

Дербес деректердің ерекшелігі – олардың бір ақпараттық массивке біріктірілуі адамның жеке басы туралы толық цифрлық бейне қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан дербес деректердің заңсыз айналымы адамның жеке өміріне қол сұғушылық қаупін арттырады. Дербес деректерді қорғау тек әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық шаралармен шектелмеуі тиіс. Қоғамға қауіпті, кінәлі түрде жасалған және елеулі зиян келтіретін әрекеттер қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын талап етеді.

Дербес деректерге қатысты заңсыз әрекеттер әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамында көрініс табуы мүмкін. Мысалы, бөтен адамның деректерін пайдалану алаяқтықпен, заңсыз ақпарат жинаумен, компьютерлік жүйеге заңсыз қол жеткізумен немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттермен ұштасуы ықтимал. Осыған байланысты құқық қолданушы үшін дербес деректермен байланысты әрекеттің нақты құқықтық табиғатын дұрыс анықтау маңызды.

Дербес деректердің заңсыз таралуы – цифрлық қоғамның жаңа қатері. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің кең таралуы дербес деректердің бақылаусыз таралу қаупін арттырды.

(Жалғасы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ӘДІЛДІК ЖОЛЫ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Қазақстанның сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ғұмырын сот билігін жандандыруға арнаған абзал азаматтардың еңбегі көпке үлгі. Сот жүйесінде өзіндік ізін қалдырғандар арасында менімен қатар еңбек еткен бірқатар әріптесім де бар. Еңбек жолын қатардағы судьядан бастап еліміздің Жоғарғы Сотының судьясына дейінгі қиын да жауапты белестерден өтіп, әділ төрелігімен ортасына абыройлы болған әріптесімнің бірі – Төлебай Әжібекұлы ҚОЖАН. Құрметті отставкаға шыққан беделді би бүгінде жетпіс жасқа толып отыр.



Төлебай Әжібекұлы 1956 жылы 17 қазанда қасиетті Түркістан өңірінің Мақтаарал топырағында көп балалы отбасында дүниеге келген. «Әжібек әке осы баласы өмірге келгенде атағы бүкіл қазақ даласына жайылған Төле би бабамыздай болсын деп ырымдаған болар. «Би болсын, би болмаса да би түсетін үй болсын» деп жақсылыққа жақын жүретін қазақпыз ғой. Оның үстіне, баласын әділдіктің алдаспаны атанған, тура сөйлеп тіліп төрелік айтатын Төле бидей дана болсын деп армандамайтын қазақ жоқ шығар, сірә. Әжібек әке де ұлына би-бабаның жолын, даңқын тілегені анық. Бірақ арманшыл әке тағдыр деген құдіреттің баласының маңдайына елге белгілі би болып, билік жасауды жазғанын болжай алмады.

Мектеп жасында-ақ Төлебай Әжібекұлы өзінің еңбекқорлығымен көзге түсті. Оған ұлдарын кішкентайынан жұмысқа араластырған әке талабы да түрткі болса керек. Әлі он жасқа толмаған Төлебай жазғы демалыста егін даласында мақта жинады, еңбекпен шынықты.

Ол кезеңде табиғаты керемет Мақтаарал ауданы мақта өсірумен айналысып, аудан тұрғындары Кеңес одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің мақта өнімдерін көбейту туралы тапсырмасын орындау үшін аянбай еңбек етіп, тер төгіп жатқан уақыт еді.

Бір әңгімесінде Төкең: «Ауыл шаруашылығымен айналысатын өңірде туып өскен, жерді күтіп-баптаудың қыр-сырын жақсы білетін, егін, мақта егудің жолдарын көріп өскен мен мектепті аяқтаған соң Мәскеуден бір-ақ шықтым. Таңдауым да анау-мынау институт емес, сол кездегі ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын Кеңес Одағындағы ең жоғары оқу орны – Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы еді.

(Жалғасы 5-бетте)

Электрондық нұсқа

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН–185

Қазақ халқының рухани, мәдени және қоғамдық ой-сана тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсариннің есімі айрықша аталады. Ұлы ағартушының туғанына 185 жыл толуы – ұлттық тарихымыздағы аса маңызды мерейтойлардың бірі. Бұл атаулы дата халқымыздың болашағын білім мен ғылымнан іздеген, қазақ даласында алғаш рет зайырлы білім беру жүйесінің негізін қалаған, жас ұрпақтың санасына ізгілік пен адамгершілік құндылықтарын сіңірген көрнекті педагогтің өмір жолы мен мол мұрасын кеңінен зерделеуге мүмкіндік береді.

«БІР АЛЛАҒА СЫЙЫНЫП, КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!»

Ыбырай Алтынсарин – өзінің бар ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған, қазақ қоғамының ағартушылық бағытта дамуына зор ықпал еткен, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға.

Ыбырайдың білім алуы оның болашақ қызметінің бағытын айқындады. Орынбордағы қазақ балаларына арналған мектепте білім алып, орыс тілін меңгеруі, орыс және Еуропа әдебиетімен танысуы оның дүниетанымын кеңейтті. Ол сол кездегі педагогикалық ой-пікірлердің озық үлгілерін зерделей отырып, алған білімін өз халқының игілігіне жұмсауды мақсат етті. Ыбырай үшін білім тек сауат ашудың құралы ғана емес, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыратын, қоғамды алға жетелейтін, халықтың тұрмысын жақсартатын үлкен күш болды. Сондықтан ол өзінің кейінгі бүкіл саналы ғұмырын қазақ даласында мектеп ашуға, балаларды оқытуға, ұстаздар даярлауға, оқу құралдарын жазуға және халық арасында білімнің маңызын насихаттауға арнады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында білім беру ісінің жүйелі жолға қойылуы өте күрделі мәселе еді. Халықтың басым бөлігінің тұрақты мектептерге қолжетімділігі төмен болды. Осындай жағдайда Ыбырай Алтынсарин елдің әр өңірінде мектептер ашып, қазақ балаларының білім алуына жағдай жасауға күш салды. Торғай өңірінде инспекторлық қызмет атқара жүріп, мектептер ұйымдастырды, оқу-ағарту ісін жүйелеуге атсалысты. Оның бастамасымен бастауыш мектептермен қатар қолөнер және ауыл шаруашылығы бағытындағы оқу орындарын ашу ісі қолға алынды. Мұндай білім беру мекемелері қазақ жастарына тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды еңбекке, кәсіпке, өмірге бейімдеуге бағытталды. Бұл – Ыбырайдың өз заманынан озық тұрған педагогикалық көзқарасының айқын көрінісі.

Ұлы ағартушының білім беру саласындағы ең үлкен жетістіктерінің бірі – қазақ қыздарының оқуына ерекше көңіл бөлуі. Ол қыз балалардың да білім алуы қоғамның дамуы үшін аса қажет екенін түсінді. Қазақ қыздарына арналған мектеп-интернат ашып, әйелдердің білім алуына ықпал еткені сол кезең үшін үлкен жаңашылдық болды.

Ұлы ұстаз қазақ балаларына арналған оқу құралдарының қажеттігін де терең сезінді. Осы мақсатта 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» еңбегін жазды. Бұл кітап қазақ балаларының ана тілінде білім алуына мүмкіндік берген алғашқы маңызды оқу құралдарының бірі болды. Хрестоматияға енгізілген шығармалар балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға, жақсы мен жаманды ажырата білуіне ықпал етті. Ыбырай оқу материалын баланың түсінігіне жеңіл, тілі қарапайым әрі мазмұнын тәрбиелік мәні жоғары етіп ұсынуға тырысты. Осы арқылы ол қазақ тіліндегі оқу әдебиетінің қалыптасуына жол ашты.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасы да қазақ мәдениеті тарихында айрықша орын алады. Ол қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі ретінде танылды. Оның «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңі білімге шақырған ұран іспетті шығармаға айналды. «Бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық!» деп басталатын бұл туынды жас ұрпақты оқу мен білімге ұмтылуға, өнер үйренуге шақырады. Ақын білімнің адамның өміріндегі маңызын қарапайым әрі әсерлі тілмен жеткізе отырып, надандық пен жалқаулықтың адам дамуына кедергі келтіретінін көрсетті. Бұл шығарма өзінің тәрбиелік мәнін бүгінгі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде де ағартушы ғылым мен техниканың жетістіктерін жоғары бағалап, білімді халықтардың өміріндегі өзгерістерді үлгі етеді. Ол жастарды өнер мен ғылымды меңгеруге, өркениетті елдерден үйренуге үндейді. Темір жол, телеграф секілді сол дәуірдегі техникалық жаңалықтарды мысалға ала отырып, білім мен өнердің қоғамды өзгертетін күш екенін көрсетеді. Ыбырайдың бұл шығармалары қазақ қоғамының жаңғыру идеясын әдебиет арқылы жеткізген маңызды туындылар болып саналады.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегін тек педагог немесе жазушы қызметімен шектеуге болмайды. Ол – қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелеріне өзіндік көзқарасы қалыптасқан ағартушы-ойшыл. Ол халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеп, этнографиялық сипаттағы еңбектер жазды. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін ғылыми тұрғыдан сипаттауға атсалысты. Оның этнографиялық мұрасы сол дәуірдегі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және мәдени ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін құнды дерек көзі.

Ыбырай Алтынсарин өз дәуірінің шеңберімен шектеліп қалмай, болашаққа көз жүгірткен көреген тұлға болды. Ол қазақ халқының болашағын білімді, мәдениетті, еңбекқор ұрпақпен байланыстырды. Оның мектеп ашуы, оқулық жазуы, балаларға арналған шығармалар дүниеге әкелуі – барлығы бір мақсатқа, яғни халықты өркениет жолына бастауға бағытталды. Ол үшін білім жеке адамның жетістігі емес, ұлттың тұтастай дамуына қызмет ететін қоғамдық күш болды. Ыбырай есімі қазақ тарихында ағартушылықтың, ұстаздықтың, адал еңбектің және елге қызмет етудің символына айналды.

Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «ТАСЛИМ» ЖШС (БСН 151040004518) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 4Б үй, т.е.б.13), өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш.Жиенқұлова көшесі, 9-ғимарат, 3-қабат. Тел. 8 701 035 77 67.

5. «Express Avto» ЖШС (БСН 241040007395) (ҚР, Астана қаласы, С.Нұрмағамбетов көшесі, 27/1-үй, 40-пәтер) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жоғарыдағы мекенжайда қабылданады. Тел. 8 771 390 16 44.

6. «АйроТехСнаб KZ» ЖШС (БСН 220140006017) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың және өзге де мүдделі тұлғалардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33-құрылыс. Тел. +7 777 120 70 32.

11. «Doner City Almaty» ЖШС (БСН 220740009975) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 41/49-ғимарат.

16. «Leadbrothers (Лидбразерс)» ЖШС (БСН 141240020864) (Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 115-үй, 256-кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 148-үй, 23-пәтер. Тел. +7 747 183 88 90.

17. «SoFi Group» ЖШС (БСН 111040017465) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 117/86-үй, 801-кеңсе, тел. +77019824198.

18. «LIDU» ЖШС (БСН 211140028950) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Нарын ауылдық округі, Жана Жанбай ауылы, Ұстаздар көшесі, 6-үй, тел. 87087394399.

19. «M CINEMA KZ» ЖШС (БСН 240140036301) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050070, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы ықшамауданы, Кенесары хан көшесі, 54/6-үй, 8-пәтер, тел. +7 707 817 20 23.

20. «Эндаумент Целинный» корпоративтік қоры (БСН 220940014828) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Масанчи көшесі, 59-үй, индекс A05F2G1, тел. +7 701 965 97 24.

21. «ТрансСтрой Компания ICKER» ЖШС (БСН 100340005428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаскелең қаласы, Саламатов көшесі, 115. Тел. 87778360482.

25. «okinterior.kz» ЖШС (БСН 190940010690) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 13-әскери қалашық, 20 «Б», 3-пәтер. Тел. +7 (705) 335-39-66.

29. «Байкен-7» ЖШС (БСН 210940020298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 27-үй, индекс 160301.

30. «Қыздаркүл Ана» ЖШС (БСН 210440006650) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Маяқұм ауылдық округі, Маяқұм ауылы, Хантөре Жұмабеков көшесі, 6-үй, индекс 160710.

ӘРТҮРЛІ

7. «Иван Зенченко» ЖШС (БСН 041240001768) серіктестік қатысушыларына «Иван Зенченко» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 2026 жылы 16 қарашада сағат 11:00-де мына мекенжайда өтеді: Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Ленинское ауылы, Жұмабаев көшесі, 16.
Күн тәртібі:
«Иван Зенченко» ЖШС-ін «Иван Зенченко» коммандиттік серіктестігіне қайта құру.
Қайта құру жоспарын бекіту.
Жарғы мен құрылтай шартын бекіту.
Атқарушы органды сайлау.

8. «Хериот-Уатт жобалық кеңсесі» ЖШС (бұрынғы атауы – «Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжі» ЖШС), (БСН 200740005116) 21.09.2026 ж. Жалғыз қатысушының № 26 шешіміне сәйкес, ЖШС ерікті түрде таратылу рәсімі тоқтатылғанын хабарлайды. «Заң» газетінде (28.07.2026 ж. № 55) «Қ. Жұбанов атындағы АӨУ жоғары колледжі» ЖШС-ін тарату туралы бұрын жарияланған хабарландыру жарамсыз деп саналсын.

22. «МИК Ломбард» ЖШС кепілге қойылған алтын бұйымдарын сату бойынша сауда-саттық өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 10 қазанда сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласы, Әнет баба көшесі, 11/2, ТЕҮ 15 мекенжайында өтеді. Тел. +7 777 955 08 35.

23. «Standard Инвестициялық Компаниясы» АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzpf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау ИАПҚ ережесіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.10.2026 9:00-ден -19.10.2026 18:00 дейін Астана қаласының уақытымен жалғасады.

26. Киссер Игорь Владимирович, мекенжайы: Лисаковск қаласы, 11-шағын ауданы, 98-үй, 9-пәтер, Қостанай облысы Лисаковск қалалық сотына 1952 жылғы 18 тамызда туған, Қостанай облысы Мантуров ауданының тумасы азамат Киссер Владимир Владимировичті хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы арызбен жүгінді. Киссер Владимир Владимировичтің жүрген жері туралы мәліметтері бар немесе ол туралы өзге де ақпаратқа ие тұлғалар бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Қостанай облысы Лисаковск қалалық сотына мына мекенжай бойынша: Лисаковск қаласы, Верхнетобольская көшесі, 20, тел. 8714-33-3-77-78, байланыс тел. 8(747)0542443 хабарлауы тиіс.

27. «NURMAX-К» ЖШС (БСН 191040010521) өзінің «NURMAX магазин» ЖШС-ін (БСН 231140026204) өзіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 25/2. Тел. 8 701 358 00 02.

28. «NURMAX магазин» ЖШС (БСН 231140026204) өзінің «NURMAX-К» ЖШС-іне (БСН 191040010521) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 25/2. Тел. 8 701 358 00 02.

МҰРАГЕРЛІК

2. 23.07.2026 ж. қайтыс болған Биімбетов Хамит Мұханбетжанұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

3. 08.08.2026 ж. қайтыс болған Нурумбетов Серикбай Жалеловичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

9. 07.04.2026 ж. қайтыс болған Пірматова Дилара Уәкілқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна 31.07.2026 ж. қайтыс болған Шупашов Кенжебек Молдабаевичтің артынан мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, ½-үй, 20-кеңсеге хабарласуын сұрайды.

12. 2026 жылы 28 сәуірде қайтыс болған Зейнелқан Айжанның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Астана қаласының нотариусы Баймаханова Тымар Қожахметқызына мына мекенжай бойынша хабарласуын сұраймыз: Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, №14-үй, ВП:52, тел. +77012202088.

13. 2026 жылы 24 тамызда қайтыс болған Мухаманов Беркинжан Ибраимовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.С.Жұмадуллаевға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмерсіз ғимарат.

14. Жылқыбаев Сейтжаппар Абшукировичтің 2026 жылдың 6 сәуірінде қайтыс болуына байланысты артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус А.Ж. Нургалиеваға мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі, 58/2. Тел. 8 777 453 79 79.

15. Нуримбетова Айткуль Арпилаевнаның 2026 жылғы 10 сәуірде қайтыс болуына байланысты артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус А.Ж. Нургалиеваға мына мекенжай бойынша жүгінуі қажет: Қызылорда қаласы, Сүлейменов көшесі, 58/2. Тел. 8 777 453 79 79.

24. 2026 жылы 1 маусымда қайтыс болған Кенжеалиева Жанар Өтегенқызының артынан Атырау нотариаттық округінің нотариусы Камзагалиева Роза Тлеккабыловнада мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлерден мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжай бойынша хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, 1Б тұрғын емес үй-жай. Тел. +7 701 222 72 74.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

Төрт ігілдеп